

Э.А.ИБРАГИМОВА^{1*}, Г.Р.НУРЕКЕШОВА², А.А.АБИЛОВ¹, Н.Р.ХЕГАЙ¹

¹Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда, Қазақстан),

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан),
ibragimova_elmira@mail.ru*, Gulnaz_n71@mail.ru, allazhar_57@mail.ru, sanakim@inbox.ru

ДИАЛОГТЫҚ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақала авторлары диалогтық оқытудың ерекшеліктері мен маңыздылығына тоқталып, диалогтық оқыту барысында оқытушылар мен білім алушылардың әрекеттеріне, топтық жұмыс түрлері кезінде қолданылатын әдіс-тәсілдерге талдау жасаған. «Аударма ісі» мамандығы бойынша дәріс, практикалық сабақтардағы білім алушылардың бірлескен әңгімесі, жұптық жұмыс, топтық жұмыс барысында байқалған кемшіліктер мен артықшылықтарды саралай отырып, сабақтың сәтті-сәтсіз тұстарын айқындап көрсеткен. Авторлар оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді қолдана отырып, дәріс және практикалық сабақтар мазмұнына рефлексиялық талдау жасаған. Диалогтық оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында нақты қандай әдістерді қолдану керек, сабақты жоспарлау, кері байланысты дұрыс орнату мәселелері, білім алушы мен оқытушының, білім алушы мен білім алушының арасындағы өзара диалогты жүзеге асырудың жолдары қарастырылған. Диалогтық оқыту білім алушылардың ауызекі тілін дамытуға қомақты үлес қосатын шын мәніндегі тиімді түрі болғандықтан бұл тәсіл олардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектесіп, диалогтық оқыту нәтижесінде білім алушының сабаққа қызығушылығы артып, өз еркімен ынталанып, жұмыс жасай және ауызекі сөйлеу дағдысының қалыптаса бастағанын байқауға болатыны мақалада баяндалады.

Түйін сөздер: диалог; диалогтық оқыту; қарым-қатынас; жұптық жұмыс; топтық жұмыс.

Кіріспе. Білім алушының білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда сабақтың тиімді өтуіне негіз боларлық барлық мүмкіндіктер орын алуда. Білім сапасы білім алушының сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасына байланысты. Жаңа білім алу үрдісі оқытушы мен білім алушыға шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді. Қазіргі таңда шетел тілін оқытуда қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту «диалогтық оқыту» тәсілі арқылы тиімді жүзеге асырылып жатыр.

Диалогтық сөйлесуші негізгі бөліктерден: сөйлеу оқиғасынан, сөйлеу желісінен, айтушы мен тыңдаушының диалогтық сөйлесу сөйлесу барысында бір-біріне әсер етуінен тұратындығын, сөздік қарым-қатынас (коммуникация), оның негізін сөздік қызметтің құратындығын еңбектеріне арқау еткен ғалымдар В.Н.Курбанов, Л.Б.Туманова, Г.М.Андреева, Л.С.Выготскийлер серіктестік тұрғыда пікірталас құруға қажеттінің барлығын диалогтық сөйлесуден табылатындығын өз кезегінде дәлелдеп шыққан. «Тіл білімі» сөздігінде «Диалог»

грек тілінен аударғанда «dialogos» – әңгіме, сұхбат дегенмағынаны білдіреді [1].

Диалогтық сөйлеу (сұхбаттасу) өзара тілдесу негізінде ауызша сөйлеу формасы, яғни диалог – екі немесе бірнеше адам арасындағы әңгіме, тіл қатысу, пікірлесу. Адамдар кез келген жағдайда өз ойын біреуге түсіндіріп, білдіруде, пікірлермен алмасу үшін тілдік қарым-қатынасқа түседі, демек, диалогқұрып сөйлеседі.

Негізгі бөлім. Зерттеуші-ғалымдардың пікірінше, адамның бір-бірімен қарым-қатынас жасауының үштен бір бөлігі тілдік сөйлесім қарым-қатынасына түсуден тұрады, яғни адамдар арасында үнемі диалогтық сөйлесу жүріп жатады.

Диалогтық оқытудың оқыту мен оқудағы кең қолданысы тақырыптың өзектілігін айқындайды. Зерттеудің мақсаты диалогтық оқыту барысындағы кемшіліктер мен артықшылықтарды анықтап, оқытушы мен білім алушының, білім алушы мен білім алушының арасындағы диалогтың маңыздылығын көрсету. Диалог деген – екі жақты қатысушылардың ақпарат алмасу про-

цестерін қамтитын сөйлеу түрі. Оқушының логикасын дамытып, талдай білуге, сыни ойлануға, анализ жасауға дағдыландыру диалогтық оқыту арқылы жүзеге асырылады.

Әдістер. Диалогтық оқыту жайында зерттеген Р.Александр былай дейді: «Оқытудағы әңгіме – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, әңгіме барысында идеялар екіжақты бағытта жүріп, соның негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжитын белсенді үдеріс» [2]. Шынымен де, сабақты талдау бір адамның ғана пікірі арқылы жүргізілсе, онда бастапқы деңгейден жоғарылай алмаймыз. Ал егер ойдан ой туып, үлкен талқылауға ұласса, қорытындыда табысты нәтижеге жетуге болады. Р.Александр білімді игерудің бес үлгісін анықтай отырып, зерттеушілік әңгіме, дәйектеу және диалогтың студенттердің жоғары деңгейде ойлауын жетілдіріп, зияткерлік қырларын ашуға мүмкіндік беретінін көрсеткен [2].

Оқу үдерісіндегі диалогтың маңыздылығын зерттеген Мерсер мен Литлтон сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, білім деңгейін көтеретінін айтқан [3, 35 б].

Әрине, өзара қарым-қатынас арқылы талқылау нәтижесіндегі бірлескен жұмыс оқушылардың танымына да әсер етеді. Оқу процесіндегі оқушылардың бірлескен әрекеті үлкен нәтижелерге жетелейді:

- тақырып бойынша өз ойын ашық айта алады;
- бірнеше адамның белгілі бір мәселеге қатысты әр түрлі пікірі болатынын түсіне алады;
- өз пікірлерін дәлелдеуге тырысады;
- бір-біріне сұрақ қоя отырып, пікір алмаса алады.

Алайда сабақты толығымен диалог негізінде жоспарлау қиын. Себебі, сыныптағы балалардың деңгейі әр түрлі: барлығы бірдей қарым-қатынасқа тез түсе қоймайды. Сондықтан кәсіби білім беруде осыған назар аударған жөн. В.С.Библердің «В основе диалогического обучения – отношения взаимного уважения, доверия, естественности и открытости и его основ-

ное средство взаимосвязи – диалогическое взаимопонимание как способ и взаимораскрытия, взаимоутверждения и взаиморазвития» деген тұжырымы да соған дәлел болып отыр [4, 176 б].

Диалогтық оқытуда барысында оқытушылар келесі әрекеттерді орындауы тиіс:

- диалогты әрбір сабақтарында қолдануы тиіс;
- диалог негізінде өзекті мәселе жататынын естен шығармауы керек;
- оқушының жауабы – оның өзіндік құнды пікірі, сол себепті оны құрметтеу керек;
- топтық жұмысты жан-жақты ойластыруы қажет.

Осыған сәйкес, оқушылар да төмендегі әрекеттерді орындауы керек:

- бірін бірі тыңдайды;
- сұрақты дұрыс қоя біледі;
- өз ойларымен бөліседі;
- проблемалық сұрақтарды бірлесе отырып шешеді;
- өзіне деген сенімділігі пайда болады;
- құр оқудан – зерттей отырып, есте сақтауға үйренеді;
- үлгерімі төмен оқушыларды жұмысқа тартады [5, 3-4 б].

Сонымен қатар, топтар оқушылардың әртүрлі топтарымен әділ қарым-қатынаста болуына көмектесетін әлеуметтік дағдыларын дамытады. Бұл пікірді Р5 тұжырымдады, олар бұл интерактивті әрекет, олардың ойларын логикалық жүйелеуге, мәселелерді шешуге, түсініктеме сұрауға, әлеуметтік стратегияларды таңдауға және басқаларды сендіруге ықпал етеді деген қорытындыға келді [6, 145].

Нәтижелер мен пікір алмасу. Біз жоғарғы оқу орнында «Мамандыққа кіріспе», «Аудармашылардың кәсіби іс қызметінің негіздері», «Оқылатын тіл теориясының негіздері» және «Мәдениет аралық қарым-қатынас мәнмәтініндегі базалық шетел тілі В2» пәндерінен «Аударма ісі» мамандығында сабақ өткіздік. Осы аталған модулін оқыту мақсатымыз, пәндерге қатысты айтатын болсақ, бұл үлгі студенттердің тіл байлығын дамытып, сөйлеу мәдениетін көтеруге ықпал етеді.

Сабақты бастамас бұрын студенттерді шағын топтарға бөлеміз. Мақсат: диалогтық оқыту арқылы студенттердің пікір алмасып, жұмыс жасауын ұйымдастыру, сонымен қатар оқытушы мен студенттің арасында диалогтық әңгіменің өрбуіне ықпал ету:

- What are the advantages and disadvantages of living where you live?

- Would you like to live somewhere completely different?

- If yes, why? деген сұрақтар төңірегінде пікір алмасуы сұралады.

Осы тәсілді қолдану барысында оқытушы мен студент диалогы кезінде студенттердің қысылмай өз жауаптарын нақты жеткізуге тырысқандығын байқауға болады.

Бірақ та, барлық студент қамтылды деп жүз пайыз сеніммен айта алмаймыз, өйткені кейбір студенттер постер дайындауға қатысқанымен, олардың диалог кезіндегі ұяңдығы сабақ барысын тежейтіні мәлім болды. Бұл кемшіліктерді жою үшін тапсырмаға байланысты сұрақ қойып, студентті еркін әңгімеге тарттық (сурет 1).



1 сурет. Топтық жұмыс сәті

Келесі кезекте мәтінмен жұмыс жасалды. Мәтінді оқып шығып, мәтінде берілген ақпарат тақырыпқа сай келетінін табу үшін студенттерге өз идеялары мен дәлелдерін талқыға салып, соған байланысты үлкен постер жасап, оны қорғауға ұсынуға тапсырма берілді. Студенттерге мәтінде берілген керемет жердің қандай да бір кемшілігі бар ма деген сұрақ қойылды. Студенттердің басым бөлігінің тапсырмаларды орындағанда жасаған пікірталастарының жүйелі, нақты, дәлелді екені оң нәтиже берді деп есептейміз. Бірақ та, барлық топтардың сұхбатынан байқалған кемшілік, олардың барлығы да мәтінде берілген жердің ешқандай кемшілігі жоқ деп жауап берді. Тіпті деңгейі жоғары студенттердің де сол кемшіліктерді таба

алмауы бізді қатты алаңдатты. Жалпы, үш кемшілікті табу керек деп, нақты тапсырма берілгенде тапсырма нәтижесі сәтсіз болмас па еді деп ойлаймыз.

Топтық әңгіменің маңыздылығы қандай және Топтық әңгіме осы берілген тапсырмаға қаншалықты қатысы бар деген сұрақтарға студенттер төмендегідей жауап беруі жұмыстың нәтижелі болғанын түсіндіреді:

1-ші студент жауабы: Осы «Paradise Ridge» тақырыбы аясында біз өз бетімізбен белгендерімізді бір-бірімізге түсіндіріп, білмеген сөздерді іздеуде бір-бірімізге көмектесе алу мүмкіндігін пайдалануға тырыстық.

2-ші студент жауабы: Біз бұрын мәтінді өткен кезде студенттер бірінен кейін бірі мәтінді оқитынбыз, толық аудармасын жа-

сап, жаттығулармен жұмыс жасап барып, мәтін мазмұнын жеке-жеке айтып беретінбіз. Бұл біздің ішімізді пыстырып жіберетін. Диалогымыз жаттанды да жасанды түрде болатын. Топтық әңгіме арқылы өз бетімізбен жұмыс жасап, бір-бірімізбен пікір алмасу арқылы мәтінді тез түсіндік.

3-ші студент жауабы: Ойымызды қорыта келе пікір алмасу кезінде бұл жұмақ жердің кемшілігі жоқ екеніне көзіміз жетті. Осындай бірлескен жұмыс арқылы өз ойымызды еркін жеткізуге үйрендік және де келешекте осындай сабақтар көп болады деген үміттеміз.

Студенттердің ұяңдығы, үндемей қалуы секілді қиындықтар кезінде «мүмкін», «егер», «бәлкім», «сондықтан», «солай емес пе?», «келісесіз бе» деген сұрақтарды қою арқылы, топтық әңгіменің өрбуіне жағдай жасалды. Яғни бұл жердегі топтық әңгіме қауіпсіз ортаны құруға барынша ыңғайлы болды, өйткені студенттер бір-біріне өзара қолдау көрсету арқылы бір-бірін сынап мінемей білім және түсінік негізін бірлесіп құрды.

Диалогтық оқытудағы анағұрлым маңызды мәселелер «Сұрақ қою, әсіресе мазмұнды сұрақ қою білу» және «оқытушы мен студенттің арасындағы диалог» екендігіне тағы да көзіміз анық жетті. Келешекте сабақтың тиімділігін арттыру үшін студенттерге әдістемелік нұсқау-лықтарды алдын ала беру керек екенін түсіндік. Нұсқауды сабақ барысында түсіндіру уақытты тиімді қолдануға кері әсерін тигізетіні байқалды.

Сабақтың соңында материалды қалай түсінгендіктері жөнінде бірнеше сұрақтар беріп, кері байланыс орнатылды (сурет 2).

Сабақ несімен ұнады? Сабақ барысында не үйрендім? Топтық талқылауды ұйымдастыру үшін қандай тәсіл ыңғайлы? Сабақтың тиімді және тиімсіз жақтары қандай? Сабақты келешекте осы формада өткен дұрыс па? Диалогтық оқытуда мазмұнды сұрақ қоюдың маңызды екендігі байқалды. Себебі, біз сұрақ қоя отырып, студенттерді жүйелі сөйлеуге, сын тұрғысынан ойлауға, бір-бірінен үйренуге, басқалардың идеяларын құрметтеуге және өз ойын ашық та, еркін жеткізуге үйретеміз.

Диалогтық оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жоғарғы оқу орнында оқытудың мынандай әдіс-тәсілдерін пайдаланамыз:

1. Курсты шағын топтарға бөліп, сұрақ-жауап арқылы.

- сұрақ-жауап арқылы студенттермен пікір алмасып, сол сұрақтар төңірегінде дискуссия жасау және шағын постер дайындау;

- мәтінмен жұмыс жасауда негізгі идеялар төңірегінде пікір алмасып, топтық әңгіме арқылы бір нақты тұжырымға келу;

- оқытушы мен студенттің арасындағы диалог арқылы студенттердің тапсырманы дұрыс орындауына ықпал жасап, оларға қолдау жасау.

2. Сұрақтарды топ болып талқылай отырып ортақ жауапқа келуін ұсынамыз. Бұл сұрақ-жауап әдісін өткізудің мақсаты: студенттердің берілген сұрақтар төңірегінде ойланып, талқылап өздері қорытынды шығаруына ықпал ету.



Сурет 2. Оқытушы мен білім алушы арасындағы сұхбат

Бірінші кезекте, топ арасындағы әңгімені тындап жүрдік, студенттердің сұрақтарға берген жауаптарынан байқалғаны сұрақтарға берілген жауаптарында анағұрлым маңызды, пайдалы, мағыналы идеяларды студенттер тарапынан естідік.

Мысалы: студенттер тұрып жатқан мекенінің қаншалықты ыстық, ол жердің жақсы, жаман жақтары туралы өз ойлары төңірегінде ой қозғап, өз тұжырымдарын дәлелдеуге тырысты.

Ойлан, жұптас, бөліс әдісі. Әдістің мақсаты: идеялар мен ойларды дамытудың құрылымдалған әдісі. Орналастыру үшін арнайы еш нәрсе қажет емес. Жұмыс алгоритмі ретінде Джесси Джентильдің диаграммасын қолдануға болады.

Тапсырма ретінде диалогтық оқытуға белсенді түрде қатысуын ынталандыра, қолдау көрсете отырып, топ болып, келесі сұрақтар көлемінде ой-талқы жасай отырып, ойға түйгендерін үлкен постерлерге бейнелеп, қорғауларын өтіндік.

Әңгімені оқытудың мақсаты ретінде қолдана отырып, ойға түйгендерін бір-бірімен ақпарат алмаса отырып, тиімді диалог ұйымдастыру.

Тапсырма: Жұмақ жер мәтіні (3 топқа да бір тақырып) [7, 26 б]. Бұл «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісін пайдаланғандағы байқағанымыз, жекелеген студенттердің, яғни топтардың сөздік қорларының аздығы, бір-бірлерінің пікірін толық тыңдамауы, соны-мен қатар, уақыт үнемдеу жағынан қиын-дықтардың болғаны. Оған себеп мұндай жұмыстардың топ арасында жиі болмағандығынан деп ойлаймыз. Біздің ойымша осы бағытта жұмыс істеуді жалғастыру керек.

Дегенмен, топ арасында студенттердің белсенділігі артып, диалогтық оқытуда осы әдістің анағұрлым тиімді екендігі байқалды. Диалогтық оқытуды жетілдіру мақсатында «Тоса тұр» ойыны сабақта қолданылды. Ойынның мақсаты: Өзгеге ойды түсіндіру, өзгені өзіне қарату, пікір алмасу.

Негізгі критерийі: Студенттер диалог арқылы өз-өзін басқаруға, реттеуге мүмкіндіктері болады.

Ойынның талабы: а) кезектесіп сөйлесу; ә) әр адамның ойын тындау; б) сасқалақтамауға тырысу; в) бір сөзді бірнеше рет қайталамауға тырысу.

Тірек сөздер: law, shift, vowels, sounds, grammar, changes, history.

Ойын барысында диалогтық оқытуды кеңінен түсініп, диалогқа қойылатын негізгі талаптарды орындауға тырысып, оны жүзеге асыру мүмкіндіктеріне ие болды, студенттердің қызығушылықтары артып, сенімділіктері байқалды.

Сәтсіз болған жағдай: ойдың жүйеленбеуі, бір-бірімен әңгімелескенде кейбір студенттердің терең бойлап дұрыс жауап бермеуі, асығыстық танытып, салмақты жауапты қажет ететін сұрақтарға жеңіл жауаптардың болуы және сасқалақтап, қолдарындағы дәптерлеріне қарай беру (Видео жазбалар).

Салмақты жауапты қажет ететін тапсырмаларды «ойын» түрінде өткізуді жоспарлағанның салдарынан осындай нәтижелер болды деп ойлаймыз. Болашақта бұндай кемшіліктің алдын алу үшін стратегияны дұрыс таңдау керек деген шешімге келдік (сурет 3).

«Аударматанудың қалыптасуының алғы шарттары» тақырыбымен таныстыру мақсатында студенттерге үлестірме материалдар таратып, оны оқып шыққан соң оқытушының түрткі болуымен аударматанушылар мен аударматану мәселелері туралы ойларын ортаға салып, ашық сұрақтар қоюын сұрадық.

Нәтижесінде байқалғаны, студенттердің шынайы қызығушылығы мен сезімдерін, бір-біріне қолдау көрсетіп, өз білгендерін басқаларға құштарлана жеткізуі және бірлесіп талқыға салуы оң нәтижесін берді. Тақырыпты ашуда диалогтық оқытуды жетілдіруде өздері оқып, талқылаудың маңызы зор болды.

Топта тағы бір байқалған ерекшелік, бұрын жақсы бағалар алып жүрген студенттер бұрын сабақта белсенділік танытпай жүрген студенттердің мұндай қабілеттерінің барлығына таң қалып, оларды басқа қырынан тани бастады. Олардың дәстүрлі әдістер аясында студенттердің тек кітапта ғана жазылғанды жаттанды айтып



Сурет 3. Білім алушы мен білім алушы арасындағы сұхбат

үйренгендіктері байқалып қалды. Келесі сабақта олар жаттанды айтқанның дұрыс еместігін байқап, сабаққа жан-жақты дайындалып келуге тырысты. Сонымен қатар, диалог құрудың нәтижесінде студенттер бір-бірінің жақсы жақтарын тани алды. Бұл сабақтың нәтижелі болуы 1 курс студенттері болғандықтан деп ойлаймыз.

Сабақтың сәтсіз тұсы ретінде бір-бірімен келіспей, сөзге келіп қала жаздаған, эмоцияға беріліп кеткен кездері болды. Лидерлікке бейім студенттермен жұмыс жасауды әлі де жалғастыру керек деп санаймыз.

Соңына қарай студенттердің осы бүгінгі өткен сабаққа қатысты өздерінің ой-пікірлерімен бөлістік. Кері байланыс орна-

ту мақсатында бір жақты сұхбат берулері сұралды.

Қорытынды. Болашақта диалогтық оқыту барысында әдіс-тәсілдерді, уақытты тиімді жүйелі пайдалануды, сондай-ақ оқу материалдарын дұрыс жоспарлау, студенттерге сенім арта отырып, ынталандыру жағына басымдылық беру керек екенін түсіндік. Студенттердің тақырыпты меңгеру деңгейін анықтау үшін диалогтық оқыту әдістемесін ағылшын тілін үйретудегі оқу үрдісінде қолданудың тиімді екендігіне көз жеткіздік. Оқытушы мен студент, студент пен студент арасындағы сұхбат баға жетпес тәжірибе екені диалогтық оқытудағы біздің ойға түйген ең құнды дүниеміз болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Сүлейменова Э.Д. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1988. – 540 б.
- [2] Alexander R. Towards dialogic teaching: rethinking classroom talk. (Диалогтік сөйлесуді оқыту: сыныптағы әңгімелесулерді қайта түсіну) – Cambridge: Dialogues UK, 2004. – 27 б.
- [3] Студенттерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. – 2015. – 35 б.
- [4] Библер В.С. Михаил Михайлович Бахтин, или Поэтика и культура. – М.: Прогресс, 1991. – 176 с.
- [5] Имжарова З.У. Сын тұрғысынан ойлау білім үрдісінде. – ОӘҚ, 2012 ж. –3-4 бб.
- [6] Friendship Group Activities: Voices from Chinese EFL Learners Jia Wang English Language Teaching; Vol.14, No. 1; 2021 ISSN 1916-4742 E-ISSN 1916-4750 Published by Canadian Center of Science and Education p.145.
- [7] Philip Kerr & Ceri Jones Straightforward Intermediate Student's book. Macmillan, 2009, p.26.
- [8] Үлестірме материалдар. Бірінші апта. Бірінші «бетпе-бет» кезеңі. – Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ, 2015.

- [9] Имашева Д.И. Түрлі оқытудың максаттары мән мәтініндегі диалогтік оқытудың жана мүмкіндіктерін зерттеу // Педагогикалық диалог. – 2012. – №2. – 141-145 бб.
- [10] Педагог мамандарды даярлау: XI ғасырдың кәсіби дағдылары //Педагогикалық ізденіс, 2016. – № 33. – С.41.
- [11] Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998. – 147 с.
- [12] Бағдарлама. Үшінші (негізгі) деңгей. – Назарбаев Зияткерлік мектебі ДББҰ, 2012. – 120 б.
- [13] Мерсер, Литлтон Диалог және ойлауды дамыту. Әлеуметтік мәдени тәсіл. 2007. – 40 б.
- [14] Barnes,D, Language and Learning in the Classroom. (Сыныптағы тіл және оқыту) Journal of Curriculum Studies, 3 (1)1971. – 27-38 p.
- [15] Mercer, N. Words and Minds: how we use language to think together. London: Routledge. Mercer, N., and Hodgkinson, S., 2008. Exploring talk in school: inspired by the work of Douglas Barnes. London: Sage.
- [16] Аударманың пайда болуы және даму ерекшеліктері. Аударматанудың ғылыми ретінде қалыптасуының алғышарттары [Электрондық ресурс]: URL: <https://helpiks.org/1-7061.html> (өтінім берілген күні: 30.11.2014).

References

- [1] Suleimenova E.D. Til Bilimy Sozdigy. – Almaty: Gylim, 1988. – 540 p.
- [2] Alexander R. Towards dialogic teaching: rethinking classroom talk. – Cambridge: Dialogues UK, 2004. – 27 p.
- [3] Studentterge арналған nusqaulik. «Nazarbayev mekteptery» ДББҰ. – 2015. – 35 б.
- [4] Bibler V.S. Michael Michaelovich Bachtin, ily Poetika I kultura. – М.: Progress, 1991. – 176 p.
- [5] Imzharova Z.U. Syn turgysynan oilau bilim urdisinde. – OAK, 2012 #. – B.3-4.
- [6] Friendship Group Activities: Voices from Chinese EFL Learners Jia Wang English Language Teaching; Vol.14, No. 1; 2021 ISSN 1916-4742 E-ISSN 1916-4750 Published by Canadian Center of Science and Education p.145.
- [7] Philip Kerr & Ceri Jones Straightforward Intermediate Student's book. Macmillan, 2009, p.26.
- [8] Ulestirme materialdar. Birinshi apta. Birinshi «betpe-bet» kezeni. – Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri DBBU, 2015.
- [9] Imasheva D.I. Turli okytudin maksattary men matinindegi dialogtik okytudin zhana mumkindikterin zertteu // Pedagogikalik dialog. – 2012. – № 2. – p.141.
- [10] Pedagog mamandardy dajarlau: XI gasyrdin kasibi dagdylary //Pedagogikalik izdenis, 2016. - № 33. – p.41.
- [11] Selevko G.K. Sovremennye obrazovatelnye tehnologyi. – М.: Narodnoe obrazovanie, 1998. – p.147.
- [12] Bagdarlama. Ushinshi (negizgi) dengei. – Nazarbaev Ziatkerlik mektebi DBBU, 2012. – p.120.
- [13] Merser, Litlton Dialog zhane oilaudy damitu. Aleumettik madeni tasil. 2007. – p.40.
- [14] Barnes,D, Language and Learning in the Classroom. Journal of Curriculum Studies, 3 (1)1971. – 27-38 s.
- [15] Mercer, N. Words and Minds: how we use language to think together. London: Routledge. Mercer, N., and Hodgkinson, S., 2008. Exploring talk in school: inspired by the work of Douglas Barnes. London: Sage.
- [16] Audarmanin paida boluyi zhane damu erekshelikteri. Audarmanudin gylymi retinde kalyptasuyinyn algyshtararty [Elektrondyk resurs]: URL: <https://helpiks.org/1-7061.html> (otinin berilgen kuni: 30.11.2014).

Актуальность и особенности диалогического обучения

Э.А.Ибрагимова¹, Г.Р.Нурекешова², А.А.Абилов¹, Н.Р.Хезай¹

¹Кызылординский университет имени Коркыт ата (Кызылорда, Казахстан),

²Казахский Национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

Аннотация

Авторы статьи акцентируют внимание на особенностях и важности диалогического обучения, анализируют действия учителей и учеников в процессе диалогического обучения, методы, используемые в групповой работе. На лекции по специальности «Переводческое дело» были определены сильные и слабые стороны урока, проанализированы совместные разговоры студентов, парная работа, достоинства и недостатки групповой работы на практических занятиях. Авторы провели рефлексивный анализ содержания лекций и практических занятий, используя новые подходы к преподаванию и обучению. Чтобы повысить эффективность диалогового обучения, необходимо использовать определенные методы, планирование уроков, правильную обратную связь, способы реализации диалога между учеником и учителем, учеником и учеником. Поскольку интерактивное обучение является действительно эффективной формой обучения, которая значительно способствует развитию устной речи учащихся, такой подход помогает им открыться, общаться и увеличивать свой сло-

варный запас. В статье описан тот подход, который помогает им раскрыться, общаться и увеличивать свой словарный запас, поскольку интерактивное обучение является действительно эффективной формой обучения, которая в значительной степени способствует развитию устной речи учащихся.

Ключевые слова: диалог; диалогическое обучение; взаимоотношение; парная работа; групповая работа.

Significance and features of dialogical teaching

E.A.Ibragimova¹, G.R.Nurekeshova², A.A.Abilov¹, N.R.Khegai¹

¹*Korkyt Ata Kyzylorda University (Kyzylorda, Kazakhstan)*

²*Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)*

Abstract

The authors of the article focus on the features and importance of interactive learning, analyze the actions of teachers and students in the process of dialogical learning, the methods used in group work. Lectures on the specialty «Translation Studies», a joint conversation of students in practical classes, pair work, analysis of the group work advantages and disadvantages, identified the strengths and weaknesses of the lesson. The authors made a reflective analysis of the content of lectures and practical classes, using new approaches to teaching and learning. Ways of increasing the effectiveness of dialogical learning, specific methods used, lesson planning, proper feedback, ways of dialogue between student and teacher, student and learner have been determined. As interactive learning is a truly effective form of learning that contributes significantly to the development of students' spoken language, this approach which helps them to open up, communicate, and increase their vocabulary is described in the article.

Keywords: dialogue, dialogical learning, relationship, pair work, group work.

Редакцияға қабылданған: 22.05.2021.

МРНТИ 14.25.09

<https://doi.org/10.51889/2021-2.2077-6861.19>

*Х.Н.РЗАЕВА**

*Азербайджанский государственный педагогический университет
(Баку, Азербайджан), Rzaeva.xayala@mail.ru**

СИСТЕМНОЕ ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПОНЯТИЯ ОПЕРЕЖАЮЩЕГО ОБРАЗОВАНИЯ И ЕГО РОЛЬ В СТАНОВЛЕНИИ ЛИЧНОСТИ

Аннотация

В статье предпринята попытка раскрыть сущность опережающего образования, отмечается роль прогностических исследований, все аспекты интерпретации содержания перечислены со ссылкой на Б.С.Горшунского. Особое внимание уделено ценностному аспекту, поскольку он носит общий характер, так как ценность образования определяется отношением человека к его собственному образованию, а отношение государства и общества к образованию не всегда совпадают. Указывая на причины такого отношения, автор делает акцент на грамотности, образованности, профессиональной компетентности как качественных показателях образовательных результатов личности. В статье также приводится обзор исследований ученых, которые внесли большой вклад в развитии ценностного образования. Автор анализирует понятие опережающего профессионального педагогического образования как методической системы подготовки будущих учителей и процесс ее реализации, направленных на развитие определенных профессиональных качеств личности, ориентированных на перспективные потребности образования, в том числе для учителей технологии.

Ключевые слова: личность; личностная ценность; опережающее образование; компетентность; аспекты содержательной трактовки.

Введение. Известно, что понятие «образование» используется в узком и широком смысле. В широком смысле воспитание охватывает и образовательный процесс в том числе. В первую очередь ценность образо-

вания измеряют формированием личности человека. Г.К.Муратова, Л.А.Жанбаева и Б.Е.Ягалиева отмечают одну из главных проблем современности: «В современном высшем образовании возникает проблема